

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі N 167-IV Заңы

**1-бап** . Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж ., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат ; N 14, 58-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 3, 22-құжат, N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 12, 72-құжат; N 15, 92-құжат; 2007 ж., N 1, 2-құжат; N 4, 33-құжат; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 17, 140-құжат; 2008 ж., N 12, 48-құжат; N 13-14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 126-құжат; 2009 ж . , N 6 - 7 , 3 2 - қ ұ ж а т ) :

2 1 3 - б а п т а :

тақырыптағы "Шетел" деген сөз "Ұлттық және шетел" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бірінші абзацтағы "Ұйым басшысының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті банкіндегі шоттарға міндетті түрде аударылуға жататын" деген сөздер "Ұйым басшысының немесе жеке кәсіпкердің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті банкіндегі шоттарға міндетті түрде аударылуға жататын ұлттық және" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"он мыңнан жиырма мыңға дейін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

Ескертуден "шетел валютасындағы қаражат сомасы бес" деген сөздер "ұлттық және шетел валютасындағы қаражат сомасы он" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-

құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 13, 99-құжат; N 15, 106-құжат; N 16, 131-құжат; N 17, 136, 139, 140-құжаттар; N 18, 143, 144-құжаттар; N 19, 146, 147-құжаттар; N 20, 152-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 12, 48, 51-құжаттар; N 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; N 15-16, 62-құжат; N 20, 88-құжат; N 21, 97-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., N 2-3, 7, 21-құжаттар; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауар биржалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 187-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"187-бап. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялауды қамтамасыз етпеу

Уәкілетті банктердегі банк шоттарына:

тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) экспортынан ұлттық және шетел валютасындағы түсімдерді;

резиденттің тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) импорты бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін резидент еместің пайдасына аударған, резидент еместің міндеттемелерді орындамауына немесе толық орындамауына байланысты қайтарылуға жататын ұлттық және шетел валютасын есептемеу түрінде жасалған ұлттық және шетел валютасын репатриациялауды қамтамасыз етпеу, -

жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға - есептелмеген ұлттық және шетел валютасы сомасының жиырма проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады

Ескерту. Осы бапта көзделген құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылық репатриациялау мерзімі аяқталғаннан кейін есептелмеген ұлттық және шетел валютасының сомасы елу мың АҚШ долларына балама сомадан асып кеткен және егер осы іс-әрекеттерде (әрекетсіздікте) қылмыстың жазаланатын әрекет белгілері болмаған жағдайларда туындайды.";

2) 188-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын сатып алу бағамының теңгеге сату бағамынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ауытқу шегін с а қ т а м а у ы , -

лауазымды тұлғаларға - бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүз айлық есептің көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."  
";

3) мынадай мазмұндағы 188-1-баппен толықтырылсын:

"188-1-бап. Арнайы валюта режимін бұзу

А р н а й ы в а л ю т а р е ж и м і н :

валюталық операцияны жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арнайы рұқсатын алу талабын орындамау;

резиденттер алған шетел валютасын міндетті түрде сату талабын орындамау;  
шетел банктеріндегі шоттарды пайдалану;

валюталық операцияларды жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды орындамау;

Қазақстан Республикасының Президенті енгізген өзге де уақытша валюталық шектеулерді сақтамау бөлігінде бұзу, -

жеке және заңды тұлғаларға арнайы валюта режимін бұза отырып жүргізген операция сомасының жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 572-баптың бірінші бөлігіндегі "188 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер "188 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 188-1," деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., N 2-3, 16, 18-құжаттар):

1 ) м а з м ұ н ы н д а :

39-баптың тақырыбы "тұлға" деген сөзден кейін "қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен" деген сөздермен толықтырылсын;

40-баптың тақырыбындағы "орындау ерекшеліктері" деген сөздер "орындауы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 ) 3 9 - б а п т а :

тақырыбы "тұлға" деген сөзден кейін "қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен" деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды тұлға қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылу туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы орналасқан жері бойынша салық органына жазбаша хабарлайды.

Тапсыру актісі немесе бөліну балансы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға сонымен бір мезгілде орналасқан жері бойынша салық органына:

1) таратудың салық есептілігін;

2) қосылған құн салығы бойынша тіркелу есебіне қойылғаны туралы куәлікті немесе ол жоғалған немесе бүлінген кезде қағаз жеткізгіштегі түсініктемені (қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда) табыс етеді.

Таратудың салық есептілігі қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға салық төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түрлері, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша осындай есептілікті тапсыру міндетті туындаған салық кезеңі басталған сәттен бастап оны салық органына табыс ету күніне дейінгі кезең үшін жасалады.";

"5. Қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға уәкілетті мемлекеттік орган аталған тұлғаны Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімінен шығарып тасталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің орналасқан жері бойынша салық органына сонымен бір мезгілде уәкілетті мемлекеттік органның заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы бұйрығының көшірмесін табыс е т е д і . " ;

6-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацта "көрсетілген құжаттарды" деген сөздер "көрсетілген құжатты" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақшаның бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бөлініп шығу - жаңадан туындаған заңды тұлғаны бөліп шығарған заңды тұлғаның жеке шоты бойынша сальдоны жаңадан туындаған заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша бөліну балансы негізінде береді.";

3 ) 4 0 - б а п т а :

тақырыбындағы "орындау ерекшеліктері" деген сөздер "орындауы" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды тұлға бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы орналасқан жері бойынша салық органына жазбаша түрде хабарлайды.

Заңды тұлға бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде бөліну балансы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орналасқан жері бойынша салық органына сонымен бір мезгілде:

1) құжаттық тексеру жүргізу туралы салықтық өтінішті;

2) таратудың салық есептілігін;

3) қосылған құн салығы бойынша тіркелу есебіне қойылғаны туралы куәлікті немесе ол жоғалған немесе бүлінген кезде қағаз жеткізгіштегі түсініктемені (қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда) табыс етеді.";

"5. Бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде құжаттық тексеру аяқталғаннан кейін қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға өзінің орналасқан жері бойынша салық органына сонымен бір мезгілде:

1) б ө л і н у б а л а н с ы н ;

2) банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банктегі бар шоттарының жабылғаны туралы анықтамасын табыс е т е д і .

Егер қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада бюджетке артық төленген салықтар, төлемдер мен өсімпұлдар сомалары болса, аталған сомалар осы Кодекстің 599-бабында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның салық берешегін өтеу е с е б і н е ж а т қ ы з ы л а д ы .

Егер қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада бюджетке қате төленген салықтар, төлемдер мен өсімпұлдар сомалары болса, онда аталған сомалар осы Кодекстің 601-бабында белгіленген тәртіппен есебіне жатқызылады.

Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада салық берешегі жоқ болса, онда:

1) бюджетке қате төленген салықтар және басқа да міндетті төлемдер сомалары осы Кодекстің 601-бабында белгіленген тәртіппен ол (олар) қайта ұйымдастыру кезінде алған мүліктегі үлесіне барабар оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қ а й т а р ы л у ғ а ж а т а д ы ;

2) бюджетке артық төленген салықтар, төлемдер мен өсімпұлдар сомалары осы Кодекстің 602-бабында белгіленген тәртіппен ол (олар) қайта ұйымдастыру кезінде алған мүліктегі үлесіне барабар оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қ а й т а р ы л у ғ а ж а т а д ы ;

3) бюджетке төленген басқа да міндетті төлемдер сомалары осы Кодекстің 606-бабында белгіленген тәртіппен ол (олар) қайта ұйымдастыру кезінде алған мүліктегі үлесіне барабар оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайтарылуға ж а т а д ы .

Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болмаған жағдайда, осы тармақта көрсетілген құжаттарды құжаттық тексеру аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде табыс етеді.";

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға осы баптың 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды табыс еткеннен және салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерін өтегеннен кейін салық органы осы тұлғаға осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімде

салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы анықтама беруге міндетті.

Салық органы қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаға салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы осы тармақта көзделген анықтаманы берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Кодекстің 595-бабына сәйкес бөліну балансы негізінде жаңадан туындаған заңды тұлғалардың орналасқан жері бойынша салық органына бөлінген заңды тұлғаның жеке есепшоттары бойынша сальдоны береді.

7. Заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы осы заңды тұлғаның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) оның салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгертуге негіз болып табылмайды.";

4) 43-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "түсініктемені табыс етеді" деген сөздер "түсініктемені;" деген сөзбен ауыстырылып, осы тармақ мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) қосылған құн салығы бойынша тіркелу есебіне қойылғаны жеткізгіштегі түсініктемені (қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда);

5) дара кәсіпкердің қызметін тоқтатуы туралы ақпараттың мерзімді баспа басылымында жарияланғанын растайтын құжатты табыс етеді.";

5 ) 1 1 8 - б а п т а :

4-тармағындағы "көрсетілген активтерді қабылдап алу-беру актісінің деректері бойынша айқындалатын құн" деген сөздер "алынған активтердің аталған активтерді қабылдап алу-беру актісінде көрсетілген баланстық құны" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Салық төлеушінің қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты тіркелген активтерді алу кезінде, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, алынған активтердің беру актісінде немесе бөліну балансында көрсетілген баланстық құны осындай тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады .

Қосылу жолымен құрылған, жаңадан туындаған заңды тұлғаның немесе оған басқа заңды тұлға қосылған заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы осы Кодекстің 119-бабының 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес беру актісінде осындай құн көрсетілген жағдайда салықтық есепке алу деректері бойынша берілетін тіркелген активтердің құнына арттырылады.";

6) 119-баптың 4 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тіркелген активтерді өтеусіз беру кезінде кіші топтың (топтың) құндық балансы аталған активтерді қабылдап алу-беру актісінде көрсетілген бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша берілген активтердің баланстық құнына азайтылады.";

"6. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, қосу, біріктіру, бөлу немесе бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде тіркелген активтердің шығып қалуы кезінде қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы беру актісінде немесе бөліну балансында көрсетілген, берілген активтердің баланстық құнына азайтылады.

Қосу, біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру кезінде салық төлеушілер салықтық есепке алу мақсаттары үшін қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаны салықтық есепке алу деректері бойынша берілетін тіркелген активтердің құнын:

1) I топтағы тіркелген активтер бойынша - осы Кодекстің 117-бабының 3-тармағында көзделген тәртіппен есептелген, тіркелген активтердің қалдық құнын;

2) II, III, IV топтардағы тіркелген активтер бойынша топтың барлық тіркелген активтерін беру шартымен - осы Кодекстің 117-бабының 8-тармағында көзделген тәртіппен есептелген топтың құндық балансының шамасын беру актісінде көрсетуге құқылы.

Қосу, біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы осы тармаққа сәйкес беру актісінде көрсетілген салықтық есепке алу деректері бойынша тіркелген активтердің құнына азайтылады.";

7) 239-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы бапқа сәйкес салық салынатын айналым мөлшерін түзету осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған салық кезеңінде жүргізіледі.

Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығын түзету сомасы өткізу айналымы жасалған күнге қолданыстағы ставка бойынша айқындалады.";

8) 247-баптағы "басқа да міндетті төлемдердің" деген сөздер "кеден төлемдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 258-бапта :

4-тармақтың бірінші абзацындағы "Осы тармақта" деген сөздер "Осы баптың 1-тармағының 1) - 7) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "1) тармақшасында көрсетілгенді" деген сөздер "1) және б) тармақшаларында көрсетілгендерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 260-бапта :

1-тармақ "қосылған құн салығы" деген сөздерден кейін ", осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы Кодекстің 249-бабының 1-тармағына сәйкес өткізу жөніндегі айналымдары салық салудан босатылатын объектілер құрылысын жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеуші салық салудан босатылатын айналымдар мақсатында және басқа да мақсаттарда пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер есебін бөлек жүргізуге міндетті.

Сонымен бір мезгілде салық салудан босатылатын айналымдар мақсатында және

басқа да мақсаттарда пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша есепке жатқызудың барабар әдісі пайдаланылады.";

1 1 ) 2 6 3 - б а п т а :

5 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "цифрлық мәні бар" деген сөздер "араб цифрларымен көрсетілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы ", сондай-ақ осы баптың 18-тармағында көзделген жағдайларда өнім берушінің комитент немесе комиссионер мәртебесі" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) осы баптың 18-тармағында көзделген жағдайларда өнім берушінің комитент немесе комиссионер мәртебесі";

5) тармақшадағы "өнім берушінің" деген сөздер - "өнім беруші-қосылған құн салығын төлеушінің" деген сөздермен, "куәліктің" деген сөз "куәлігінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді беруші немесе алушы болып табылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі:

осы тармақтың 3), 3-1) және 4) тармақшаларының талаптарын орындау мақсатында осындай заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің деректемелерін көрсетеді;

осы тармақтың 5) тармақшасының талаптарын орындау мақсатында өзі құрылымдық бөлімшесі болып табылатын заңды тұлғаның - қосылған құн салығын төлеушінің қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылғаны туралы куәліктің нөмірін көрсетеді." ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша салық төлеушінің мөрі болмаған жағдайларды қоспағанда, шот-фактура өнім берушінің басшысы мен бас бухгалтерінің қолдарымен, сондай-ақ салық төлеушінің мөрімен куәландырылады.

Шот-фактура қосылған құн салығын төлеушінің шешімімен өкілеттік берілген қызметкердің қолымен куәландырылуы мүмкін.

Қосылған құн салығын төлеушінің шешімімен шот-фактура "шот-фактуралар үшін" деген арнайы деректемесі бар оның мөрімен куәландырылуы мүмкін.

Қосылған құн салығын төлеушінің шешімімен заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі ол жазып берген шот-фактураларды заңды тұлғаның осындай құрылымдық бөлімшесінің, оның ішінде осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мөрімен куәландыруға құқылы." ;

мынадай мазмұндағы 19-тармақпен толықтырылсын:

"19. Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді беруші осы Кодекстің 265-



бабында көзделген тәртіппен қосымша шот-фактураны бір мезгілде мынадай шарттарға с а й б о л ғ а н :

тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді беруші шот-фактураны осы бапта көзделген жағдайларда осындай шот-фактура жазып берілген күнге қолданыстағы салық ставкасы бойынша есептелген қосылған құн салығы сомасын көрсете отырып, өткізу айналымы жасалған күнінен бұрын жазып берілген;

шот-фактура жазып берілген күнге қолданыстағы қосылған құн салығы ставкасы осындай шот-фактура бойынша өткізу айналымы жасалған күніне қолданыстағы қосылған құн салығы ставкасынан өзгеше болған кезде жазып береді.";

12) 265-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларындағы "реттік" деген сөз " араб цифрларымен көрсетілетін реттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 270-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Декларациямен бір мезгілде декларацияға қосымша болып табылатын, салық кезеңі ішінде сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімдері табыс етіледі. Сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімдерінің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Шот-фактураның нөмірін көрсетуге арналған ұялардың саны электронды түрде м ы н а л а р д ы :

1) есепті салық кезеңі ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шот-фактуралардың тізілімін (мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжаттары);

2) есепті салық кезеңі ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шот-фактуралардың тізілімін табыс ету кезінде шектелмейді.";

14) 342-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Су шаруашылығы жүйесі саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің өндірген жерасты суларының көлемі бойынша осы баптың бірінші бөлігінің кестесіндегі 4-тармақта белгіленген пайдалы қазбалар өндіру салығының ставкасына 0,3 коэффициенті қолданылады.";

1 5 ) 3 9 8 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мүлік салығын салық салу объектілерінің орташа жылдық құнының 0,5 процент ставкасы бойынша мына салық төлеушілер:

1) д а р а к ә с і п к е р л е р ;

2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды т ұ л ғ а л а р е с е п т е й д і . " ;

3-тармақтың 7) тармақшасындағы "объектілерін пайдаланатын заңды тұлғалар" деген сөздер "объектілері бойынша заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 399-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Салық кезеңі ішінде салық салу объектілері келіп түскен жағдайда, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер салық салу объектілері келіп түскен айдан бастап салық кезеңінің соңына дейінгі ағымдағы салық кезеңі айларының санына көбейтілген, келіп түскен күніне бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалған, келіп түскен салық салу объектілерінің бастапқы құнының 1/13-іне салық ставкасын қолдану жолымен айқындалады. Ағымдағы төлемдер көбейтілуі тиіс сома осы баптың 5-тармағында белгіленген мерзімдер бойынша тең үлестермен бөлінеді, бұл ретте салық салу объектілері келіп түскен күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Салық кезеңі ішінде салық салу объектілері шығып қалған жағдайда, ағымдағы төлемдер салық салу объектілері шығып қалған айдан бастап салық кезеңінің соңына дейінгі ағымдағы салық кезеңі айларының санына көбейтілген, шығып қалған салық салу объектілерінің құнының 1/13-іне салық ставкасын қолдану жолымен айқындалатын сомаға азайтылады.

Бұл ретте мыналар:

келіп түскен күнге бухгалтерлік есеп деректері бойынша бастапқы құны - ағымдағы салық кезеңінде келіп түскен салық салу объектілері бойынша;  
салық кезеңі басындағы бухгалтерлік есеп деректері бойынша баланстық құны - басқа салық салу объектілері бойынша шығып қалған салық салу объектілерінің құны болып табылады.

Ағымдағы төлемдер азайтылуға жататын сома ағымдағы төлемдерді төлеудің қалған мерзімдеріне тең үлестермен бөлінеді.";

17) 450 - бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық төлеуші арнаулы салық режимін қолдану үшін орналасқан жері бойынша салық органына салықтық өтінішті табыс етеді. Салықтық өтініш арнаулы салық режимін қолдануға арналған өтініште көрсетілген жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімде беріледі.";

жетінші бөліктегі "20 ақпаннан" деген сөздер "ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 471-баптың кестесіндегі 1.90.-жол алып тасталсын;

19) 569-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің төртінші абзацындағы "бойынша құқығы жоқ." деген сөздер "бойынша;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"резидент заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің құқығы жоқ.";

20) 611-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "бастап он жұмыс күні ішінде" деген сөздер "кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні өткеннен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 4, 24-құжат; N 13, 86-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат; N 4, 33-құжат; 2009., N 8, 44-құжат):

1 ) 8 - б а п т а ) :

мынадай мазмұндағы д-3) тармақшасымен толықтырылсын:

"д-3) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылар ретіндегі халықтың мүдделерін қорғау мақсатында, айырбас пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасының сатып алу бағамының теңгеге сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеуге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы;" ;

и-1) тармақшасындағы "қолма-қол шетел валютасында бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын;

2) 15-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы ж-2) тармақшамен толықтырылсын :

"ж-2) айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетелдік валютаның сатып алу бағамының теңгеге сату бағамынан ауытқу шегін белгілеу және оларды белгілеу тәртібін айқындау;" ;

3) 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы функциялары

Қ а з а қ с т а н Ұ л т т ы қ Б а н к і :

1) Қазақстан Республикасында валюталық құндылықтардың айналысы тәртібін белгілейді ;

2) резиденттердің және резидент еместердің Қазақстан Республикасында валюталық операциялар жүргізу ережелерін белгілейді;

3) резиденттердің репатриация талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында резиденттердің экспорт пен импорт бойынша мәмілелер паспорттарын ресімдеуінің бірыңғай ережелері мен шарттарын және экспорт-импорт валюталық бақылауын жүзеге асырудың тәртібін белгілейді ;

4) валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету және жіберу тәртібін белгілейді;

5) шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін белгілейді және оған лицензия береді;

6) Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес айырбастау пункттерін тіркеу тәртібін белгілейді және оларды тіркеу куәліктерін береді, сондай-ақ олардың қолданылуын тоқтата тұрады;

7) шетелдік валютамен айырбас операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

8) валюталық операциялар туралы, Қазақстан Республикасы резиденттерінің шетелдік банктерде ашқан шоттары туралы тіркеуді және хабарлама беруді жүзеге асырудың тәртібін белгілейді, сондай-ақ тіркеу куәліктері мен хабарлама туралы куәліктерін береді;

9) айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетелдік валютаның сатып алу бағамының теңгеге сату бағамынан ауытқу шегін белгілеу тәртібін айқындайды;

10) арнайы валюта режимі шеңберінде валюталық операциялар жүргізуге арнайы рұқсат береді;

11) мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасындағы резиденттер мен резидент еместер орындауға міндетті валюталық операциялар бойынша есепке алудың және есептіліктің тәртібі мен нысандарын белгілейді;

12) банктер мен өзге тұлғалардың Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңнамасын бұзу фактілері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңнамасында көзделген санкцияларды қолданады.

Қазақстан Ұлттық Банкі валюталық реттеу және валюталық бақылау жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды орындауға құқылы.";

4) 62-2-баптың 3) тармақшасының екінші абзацындағы, 62-3-баптың 1-тармағындағы және 2-тармағының 1) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының аумағында валюталық операцияларды және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті" деген сөздер "валюталық операцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 11, 38-құжат; 2007 ж., N 3, 20-құжат; 2008 ж., N 23, 114-құжат);

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) айырбастау пункттері - шетел валютасымен айырбастау операциялары жүргізілетін арнайы жабдықталған орындар;

2) валюта - мемлекеттер заңды төлем құралы ретінде қабылдаған ақша бірліктері немесе банкноттар, қазынашылық билеттері және монеталар, оның ішінде қымбат металлдардан жасалған монеталар (айналыстан алынғандарын немесе алынатындарын, бірақ айналыста жүрген ақша белгілеріне айырбасталуға жататындарын қоса алғанда) түріндегі, қолма-қол және қолма-қол емес нысандардағы құнның ресми стандарттары, сондай-ақ шоттардағы, оның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі қаражат;

3) валюталық құндылықтар:  
шетел валютасы;

номиналы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары;  
резидент еместер шығарған номиналы жоқ бағалы қағаздар;  
тазартылған құйма алтын;

резиденттер мен резидент еместер арасында, сондай-ақ резидент еместер арасында олармен операциялар жасалған жағдайда қолданылатын, ұлттық валюта, номиналы ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары;

резиденттер мен резидент еместер арасында, сондай-ақ резидент еместер арасында олармен операциялар жасалған жағдайда қолданылатын резиденттер шығарған, номиналы жоқ бағалы қағаздар;

4) валюталық операциялар:

валюталық құндылықтарға меншік құқығының және өзге де құқықтардың ауысуына байланысты операциялар, сондай-ақ валюталық құндылықтарды төлем құралы ретінде пайдалану;

валюталық құндылықтарды, ұлттық валютаны, номиналы ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздарды және төлем құжаттарын, резиденттер шығарған, номиналы жоқ бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасына әкелу, жіберу және аудару, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан әкету, жіберу және аудару;

5) валюталық шарт - енгізілген өзгерістері мен толықтыруларын қоса алғандағы келісім, құрылтай құжаттары, сондай-ақ солардың негізінде және (немесе) оларды орындау үшін валюталық операциялар жүзеге асырылатын өзге де құжаттар;

6) коммерциялық кредиттер - тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) берушілер (сатушылар) мен алушылар (сатып алушылар) арасында тікелей жүзеге асырылатын экспорт немесе импорт бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыру немесе алдын ала ақы төлеу (аванстық төлем);

7) қаржы заемдары:

заемдар (коммерциялық кредиттерді қоспағанда);

шет елде халықаралық капитал нарықтарында қаражат тарту мақсатында құрылған,

олардың еншілес ұйымдары енгізген банктердегі салымдар (депозиттер);  
борышкердің міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуге берілетін ақша;  
үшінші тұлғалардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатып алуды  
және өзге де мәмілелерді қаржыландыруы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың кредитор  
алдындағы борышкердің міндеттемелерін орындауы, соның нәтижесінде ақшаны және  
өзге де мүлікті сыйақымен немесе онсыз қайтару жөніндегі міндеттемесі орындалған  
тұлғаның осындай қаржыландыруды ұсынған және (немесе) осындай орындауды  
жүзеге асырған тұлғаға міндеттілігі туындайды;

қаржы лизингі, сондай-ақ кейіннен өтеуін төлеп сатып алумен жылжымайтын  
мүлікті жалдау (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен жылжымайтын  
мүлікке теңестірілген не жатқызылған жылжымалы заттарды қоспағанда);

8) мәміле паспорты - валюталық операциялар бойынша есепке алуды және  
есептілікті қамтамасыз ету үшін қажетті сыртқы экономикалық мәміле туралы  
мәліметтер көрсетілетін, белгіленген нысандағы құжат;

9) резидент еместер:

осы баптың 10) тармақшасында көрсетілмеген жеке тұлғалар, заңды тұлғалар,  
олардың филиалдары мен өкілдіктері;

егер оларды құру туралы халықаралық (мемлекетаралық) келісімде өзгеше  
айқындалмаса, халықаралық ұйымдар;

шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де ресми өкілдіктері;

10) резиденттер:

Қазақстан Республикасының азаматтары, оның ішінде шет мемлекетте тұрақты тұру  
құқығына осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжаты бар Қазақстан  
Республикасының азаматтарын қоспағанда, шет елде уақытша жүрген немесе  
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оның мемлекеттік қызметінде жүрген  
азаматтары;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына құжаты бар шетелдіктер және  
азаматтығы жоқ адамдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан  
Республикасының аумағында тұрғылықты жері бар барлық заңды тұлғалар, сондай-ақ  
Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде тұрғылықты жері бар олардың  
филиалдары мен өкілдіктері;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан Қазақстан Республикасының  
дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері;

11) тікелей инвестициялар:

егер осындай салымдарды жүзеге асыратын тұлғаға осы заңды тұлғаның дауыс  
беретін акцияларының он және одан да көп проценті (қатысушылары дауысының  
жалпы санының он және одан да көп проценті) тиесілі болса немесе осындай  
салымдардың нәтижесінде тиесілі болатын болса, заңды тұлғаның акцияларын (

қатысушыларының салымдарын) төлеуге зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелеріне құқықтарды қоса алғанда, ақшаны, бағалы қағаздарды, заттарды, мүліктік құқықтарды және өзге де мүлікті салу;

осы заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті (қатысушылары дауысының жалпы санының он және одан да көп проценті) тиесілі тұлға жүзеге асыратын, заңды тұлғаның жарғылық капиталдан өзге капиталын ұлғайтуға әкелетін мүлікті салу;

12) уәкілетті банктер - Қазақстан Республикасында құрылған банктер және осы баптың 13) тармақшасында аталғандарды қоспағанда, валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша жүргізілетін валюталық операцияларды, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

13) уәкілетті ұйымдар - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалар;

14) ұлттық валюта - Қазақстан Республикасының валютасы;

15) шетел валютасы - шет мемлекеттің валютасы, сондай-ақ халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктері;

16) шетелдік банктер - Қазақстан Республикасынан тыс жерде құрылған және өздері тіркелген мемлекеттердің заңнамасы бойынша банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар банктер және өзге де қаржы институттары;

17) экспорт (импорт) - резиденттің резидент емеске (резидент еместің резидентке) тауарларды сатуы, жұмыстарды орындауы, қызметтер көрсетуі.";

2) 5-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"1) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін және оған қойылатын талаптарды;"

3 ) 6 - б а п т а :

тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі уәкілетті ұйымдарға шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия береді.";

2-тармақтағы "осы баптың 1-тармағында аталған қызметке қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша сауда нүктелері мен айырбастау пункттерін тіркеу (ашу) тәртібін" деген сөздер "шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін және оған қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ айырбастау пункттерін тіркеу (ашу) тәртібін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақтың бірінші бөлігінде:

"Осы баптың 1-тармағында аталған" деген сөздер "Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"күнтізбелік отыз күн" деген сөздер "отыз жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 ) 8 - б а п т а :

3 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Валюталық операцияға қатысушы резидент Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тіркеу үшін:

1) егер валюталық шартқа тіркеу режимі басынан бастап қолданылған жағдайда - тараптардың бірінің міндеттемелерді орындауы басталғанға дейін;

2) егер тараптардың бірінің міндеттемелерді орындауы валюталық шартқа тіркеу режимін қолдануға әкеп соққан жағдайда - осындай міндеттемені орындау басталғанға дейін ;

3) егер тіркеу режимі валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу нәтижесінде және валюталық шартқа тіркеу режимі қолданылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде тараптардың бірінің міндеттемелерді орындауы қажет болған кезде қолданылған жағдайда - осындай міндеттемелерді орындау басталғанға дейін ;

4) өзге жағдайларда - валюталық шартқа тіркеу режимі қолданылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өтініш беруге міндетті.";

"7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде мәміленің сомасына қатысты шекті мән белгіленіп, одан асып кеткен кезде валюталық шарт тіркелуге жатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі оларға қатысты хабарлама режимін белгілеуге құқылы тіркеу режимінен ерекше жағдайлар белгіленеді.";

5) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Валюталық операциялар туралы хабарлама

1. Хабарлама режимі валюталық операцияларға қатысушы резиденттердің және (немесе) уәкілетті банктердің, сондай-ақ клиенттер тапсырмасы бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне валюталық шарт бойынша белгіленген нысанда ақпарат ұсынуын және жүргізілген операциялар мен валюталық шарттың өзгерістері туралы кейіннен ақпарат ұсынуын қамтиды.

Уәкілетті банктер және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тұрақты негізде есептер беру нысанында жүзеге асырылған валюталық операциялар туралы хабарлама беруге рұқсат етіледі.



2. Егер хабардар етілуге жататын валюталық операцияларға қатысты тұрақты негізде есептер беру талабы белгіленбесе, валюталық операцияға қатысушы резидент валюталық шарт жасалғаннан кейін, бірақ ол бойынша міндеттемелерді тараптардың бірі орындауды бастаған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі хабардар етуге міндетті. Егер хабарлама тәртібі валюталық шартқа ол бойынша міндеттемелерді орындау процесінде қолданылған болса - валюталық шарт бойынша жүзеге асырылатын валюталық операциялар хабарлануға тиісті күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

Шетелдік банкте шот ашқан жағдайда хабардар ету осы Заңның 25-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайлар мен мерзімде жүзеге асырылады.

3. Тұрақты негізде есептер беру нысанында хабардар ету жағдайларын қоспағанда, хабарламаны растауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі резиденттің валюталық шарт туралы ақпаратты табыс еткен күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Бұл ретте, валюталық операцияға қатысушы резидентке белгіленген үлгідегі құжат - хабарлама туралы куәлік беріледі.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі валюталық операциялардың жасалу мән-жайларын нақтылау мақсатында соның негізінде валюталық операциялар жүзеге асырылатын валюталық шартты талап етуге құқылы.

5. Уәкілетті банктер және (немесе) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары хабарлама туралы куәлік болмаған жағдайда клиенттердің валюталық операцияларын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлай

о т ы р ы п ж ү р г і з е д і .

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде мәміленің сомасына қатысты шекті мәні белгіленіп, одан асып кеткен кезде валюталық шарт хабарлануға жатады, хабарламаның нысаны мен тәртібі, сондай-ақ хабарлама режимінен ерекше жағдайлар белгіленеді.";

6 ) 1 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыруы" деген сөздер "шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шет тілінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударылып ұсынылады.";

7) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау

1. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялау уәкілетті банктердегі банк

ш о т т а р ы н а :

1) тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) экспортынан ұлттық және шетел валютасындағы түсімдерді;

2) резидент емес міндеттемелерін орындамаған немесе толық орындамаған жағдайда, резиденттің тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) импорты бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін резидент еместің пайдасына аударған ұлттық және шетел валютасын есептеуді білдіреді.

Резидент ұлттық және шетел валютасын репатриациялау талабының репатриациялау мерзімінде орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Репатриациялау мерзімі тараптардың валюталық шарт бойынша міндеттемелерін орындау талаптары негізінде және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен резидент есептейтін уақыт кезеңі болып табылады.

Резиденттердің валюталық операцияларын жүргізетін уәкілетті банктер резиденттен репатриациялау мерзімін нақты айқындауды немесе нақтылауды талап етуге құқылы.

## 2. Репатриациялау талабы осы Заңға сәйкес:

1) біртекті қарсы талапты есепке жатқызу арқылы резидент еместің міндеттемесі тоқтатылған;

2) олардың арасында бұрыннан бар бастапқы міндеттемені сол тұлғалар арасында өзгеше нысананы немесе орындалу тәсілін көздейтін басқа міндеттемемен ауыстыру арқылы резидент еместің міндеттемесі тоқтатылған;

3) резидент еместің міндеттемелерді орындамау тәуекелін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі алынған;

4) резиденттің резидент еместен тартылған заем талаптарына сәйкес резиденттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге немесе резиденттің шетелде ашылған филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін қамтамасыз етуге арналған шетелдік банктердегі шоттарына ұлттық және шетел валютасы нақты есептелген жағдайларда ішінара немесе толық орындалды деп есептеледі.

3. Резидент резидент емеске талап қою құқығын басқа резидентке берген жағдайда, белгіленген мерзімде репатриациялау талабын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі тиісті міндет талап ету құқығын қабылдаған резидентке көшеді.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі резиденттердің репатриациялау талабын орындауын қамтамасыз ету мақсатында резиденттердің экспорт және импорт жөніндегі мәміле паспорттарын ресімдеудің бірыңғай ережесі мен шарттарын және экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ мәміленің сомасынан асып кеткен кезде мәміле паспорттын ресімдеу талап етілетін оған катысты шекті мәнді белгілейді.

5. Ұлттық және шетел валютасын репатриациялауды бақылау мақсатында, валюталық шартта резидент еместердің міндеттемелерді орындау мерзімдері міндетті түрде көзделуі тиіс.

Міндеттемелердің орындалу мерзімдері өзгерген, репатриациялаудың белгіленген мерзімдеріне әсерін тигізетін өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда, резиденттер уәкілетті банктерге және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиісті негіздемені және растау құжаттарын ұсына отырып, хабарлауға міндетті.

6. Осы баптың талаптарының орындалуын және валюталық қаражаттың қайтарылмауының негізділігін бақылауды салық қызметі, кеден және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, оның ішінде өзара ақпарат алмасу жолымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.";

8 ) 13 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) номиналдық құны шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздарды сатып алуға, сатуға, сыйақы төлеуге және (немесе) өтеуге байланысты операциялар;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) тазартылған құйма алтынды сатып алу және сату жөніндегі операциялар;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды сату кезінде, сондай-ақ халықаралық тасымалдаулар кезіндегі жүру жолында жолаушыларға тауарлар сату және қызмет көрсету кезінде есеп айырысуға байланысты операциялар;"

9 ) 16 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацы "банктердегі" деген сөзден кейін "банктік" деген сөзбен толықтырылсын ;

2) тармақша "банктердегі" деген сөзден кейін "банктік" деген сөзбен толықтырылсын ;

3) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды сату кезінде, сондай-ақ халықаралық тасымалдаулар кезіндегі жүру жолында жолаушыларға тауарлар сату және қызметтер көрсету кезінде есеп айырысулар;"

"10) осы Заңда белгіленген тәртіппен резиденттер ашқан шетелдік банктердегі шоттар арқылы резидент еместер жүзеге асыратын операциялар бойынша төлемдер мен ақша аударымдары, сондай-ақ шетелдік банктердегі уәкілетті банктердің корреспонденттік шоттары арқылы төлемдер мен ақша аударымдары;"

екінші бөлігі "уәкілетті банктердегі" деген сөздерден кейін "банктік" деген сөзбен толықтырылсын ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңда оларға қатысты мәміле паспорттын тіркеу, хабарлау және ресімдеу талабы белгіленген валюталық операциялар бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы төлемдер қолма-қол ақшасыз тәсілімен жүзеге асырылады.";

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "лицензиялау" деген сөз "мәміле паспортын ресімдеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "пайдалану және" деген сөздерден кейін "банктік" деген сөзбен толықтырылсын;

10) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Шетел валютасын сатып алу және сату

1. Өздеріне берілген лицензияға немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен берілген құқыққа сәйкес шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар уәкілетті банктер шетел валютасын Қазақстан Республикасында, сол сияқты шет елдерде сатуға және сатып алуға құқылы.

2. Қазақстан Республикасында шетел валютасын сатуды және сатып алуды резиденттер мен резидент еместер шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар уәкілетті банктерден, осындай уәкілетті банктердің айырбастау пункттері, сондай-ақ уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы ғана Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүргізеді.";

11) 18-баптың 2-тармағындағы "қолма-қол шетел валютасын және (немесе)" деген сөздер "қолма-қол шетел валютасын және баламасы үш мың АҚШ долларынан асатын мөлшердегі қолма-қол" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 ) 2 0 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауарлар экспортына (импортына) байланысты 180 күннен астам мерзімге берілген коммерциялық кредиттер бойынша резиденттер мен резидент еместер арасындағы төлемдер тіркеу режимінде жүзеге асырылады.

Резиденттің немесе резидент еместің қаражатты қайтаруының немесе міндеттемелерді өзге де орындауының нақты мерзімі 180 күннен асып кеткен жағдайда, тіркеу режимі тауарлар экспортына (импортына) байланысты және 180 күннен аспайтын мерзімге берілген коммерциялық кредиттерге де қолданылады.";

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Жұмыстар, қызметтер көрсету экспорты (импорты) бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру кезіндегі резиденттер мен резидент еместер арасындағы төлемдер хабарлама режимінде жүзеге асырылады. Хабарлауды осындай төлемдерге қызмет көрсететін уәкілетті банк жүргізеді.

3-2. Валюталық реттеу режимдері мәміле паспортын ресімдеу талап етілетін экспортқа (импортқа) байланысты коммерциялық кредиттерге қолданылмайды.";

7-тармақ алып тасталсын;

13) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Резиденттер бағалы қағаздарды сатып алуға, жарғылық капиталға қатысуды

қамтамасыз ету мақсатында салымдарды енгізуге байланысты валюталық операциялар туралы, сондай-ақ туынды қаржы құралдарына байланысты валюталық операциялар туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлауға міндетті.";

1 4 ) 2 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша "ерекше құқықтарды" деген сөздерден кейін "толығымен" деген сөзбен толықтырылсын;

3) тармақша "орындау" деген сөзден кейін ", сондай-ақ сенімгерлік басқару" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты резидент еместердің пайдасына резиденттердің төлемдері, резиденттердің пайдасына резидент еместердің төлемдері, сондай-ақ резиденттердің резидент еместерге (резидент еместердің резиденттерге) ақшаны және өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға беруі хабарлама режимінде жүзеге асырылады.";

4-тармақтағы "ерекше, құқықты" деген сөздер "ерекше құқықты толығымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5 ) 2 5 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктерді және Ұлттық почта операторын қоспағанда, резидент заңды тұлғалар шетелдік банкпен шарт жасасқан күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде шетелдік банктерде банк шоттарын ашқаны туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлауға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жеке тұлғадан шетелдік банктегі шоты туралы хабарлау талап етілмейді. Резидент жеке тұлғалардың шетелдік банктердегі меншікті шоттарынан (меншікті шоттарына) аударымдардың көлемдері туралы осындай аударымдарды жүзеге асыратын уәкілетті банк хабарлайды.";

16) 28-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті банктер және уәкілетті ұйымдар валюталық бақылау агенттері болып табылады.";

1 7 ) 2 9 - б а п т а :

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) валюталық операциялар бойынша есептілікті ұсыну тәртібін белгілейді;"

3-тармақтың 4) тармақшасы "операциялар туралы" деген сөздерден кейін " Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 31-баптың 3-тармағындағы "растамасын" деген сөз "куәлігін" деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"32-бап. Арнайы валюталық режим

1. Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне және оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төнген жағдайда, егер ахуалды экономикалық саясаттың басқа шараларымен шешу мүмкін болмаса, арнайы валюталық режим енгізіледі.

Арнайы валюталық режим елдің экономикалық қауіпсіздігіне және оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына төнген қатерді жою үшін жағдайлар жасауға бағытталған валюталық реттеу шаралар кешенін көздейтін және резиденттер мен резидент еместердің валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүргізуіне жекелеген валюталық шектеулер енгізуге жол беретін, валюталық операцияларды жүргізудің айрықша режимі болып табылады. Арнайы валюталық режим оны енгізу үшін негіз болған жағдайларды жою мақсатында ғана қолданылатын уақытша шара болып табылады. Арнайы валюталық режим шеңберінде енгізілуі мүмкін шектеулерге мыналар жатады:

1) валюталық операция сомасынан процент ретінде айқындалатын мөлшердегі депозитті уәкілетті банкке не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне белгіленген мерзімге сыйақы төлеместен орналастыруды талап ету;

2) валюталық операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арнайы рұқсатын алуды талап ету;

3) резиденттер алған шетел валютасын міндетті түрде сатуды талап ету;

4) шетелдік банктерде шоттарды пайдалану бойынша шектеулер, валюталық түсімді қайтару мерзімін және валюталық операциялар бойынша көлеміне, санына және есеп айырысу валютасына лимиттерді белгілеу.

Қазақстан Республикасының Президенті өзге де уақытша валюталық шектеулерді енгізуі мүмкін.

2. Арнайы валюталық режим Қазақстан Республикасының Үкіметімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлескен консультациялар негізінде дайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы валюталық режимді енгізу туралы актісі мыналарды:

1) енгізілетін шаралардың және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүргізуге уақытша шектеулердің тізбесін;

2) арнайы рұқсат беру шарттарын қоса алғанда, арнайы валюталық режимнің талаптарын орындау тәртібін;

3) арнайы валюталық режимді енгізу уақытын және қолданылу мерзімін қамтиды.

4. Арнайы валюталық режимнің қолданылу мерзімі бір жылдан асырылмайды. Арнайы валюталық режим енгізілген мерзім аяқталғаннан кейін арнайы валюталық режимнің күші жойылды деп саналады.

Қазақстан Республикасының Президенті тиісті акт шығару арқылы оның қолданылуын осы тармақта белгіленген мерзімдер шегінде ұзартуға не оның күшін толық немесе ішінара мерзімінен бұрын жоюға құқылы.

5. Арнайы валюталық режимнің қолданылуы кезеңінде резиденттер мен резидент еместер Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы валюталық режимді енгізу туралы актісінде белгіленген талаптарды сақтауға міндетті."

6. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 10-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 20, 89-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., N 2-3, 16, 18-құжаттар; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауар биржалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 10-баптың үшінші бөлігіндегі "32 және 37-баптарында көзделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға және валюталық құндылықтарды пайдалануға" деген сөздер "32-бапта көзделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 26) тармақшасы алып тасталсын;

3) 37-бап алып тасталсын;

4) 42-баптың 5-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

5) 45-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі ", сондай-ақ валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты" деген сөздер алып тасталсын.

7. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 23, 113-құжат):

1) 1-баптағы "2009 жылғы 1 шілдеден" деген сөздер "2010 жылғы 1 қаңтардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 1-1, 9-1 және 9-2-баптармен толықтырылсын:

"1-1-бап. Егер заңды тұлға 2009 жылғы 1 тамыздан кешіктірмейтін мерзімде өзі орналасқан жер бойынша және құрылымдық бөлімшелердің тіркелген жері бойынша салық органына жер учаскелерін пайдаланғаны үшін және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияға төлемақы үшін оларды дербес төлеушілер ретінде қарауға шешім қабылдау туралы хабарлаған жағдайда, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері 2009 жылы жер учаскелерін пайдаланғаны үшін және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияға төлемақы үшін дербес төлеушілер болып танылады деп белгіленсін.

Бұл ретте, осы бапқа сәйкес осындай төлемдерді дербес төлеушілер ретінде танылған заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің осы баптың бірінші бөлігінде

көрсетілген мерзімнен кешіктірмей салық қызметі органдарына салық есептілігін жасау және табыс ету, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемді және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемді төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындауы осындай заңды тұлғаның салық міндеттемесін орындауы болып табылады.";

"9-1-бап. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 448-бабының 3-тармағы 3) және 4) тармақшаларының қолданылуы 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

9-2-бап. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар және ауылдық тұтыну кооперативтері үшін 2009 жылы арнаулы салық режимін қолдануға арналған салықтық өтінішті беруді салық төлеуші ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан кешіктірмей орналасқан жері бойынша салық органына табыс етеді деп белгіленсін.

Бұл ретте көрсетілген арнаулы салық режимін қолдану құқығы, осы Заңның 9-1-бабының ережелері ескеріле отырып, салық төлеуші "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 448-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келген айдың 1 күнінен бастап туындайды .";

3) 12-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Шот-фактураны көрсетуге арналған ұялардың саны электронды түрде м ы н а л а р д ы :

1) есепті салық кезеңі ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шот-фактуралардың тізілімін (мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжаттары);

2) есепті салық кезеңі ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шот-фактуралардың тізілімін табыс ету кезінде шектелмейді."

**2-бап.** Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 1) – 3) тармақшаларын және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 4) – 16), 19), 20) тармақшаларын және 7-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

Президенті

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Н. Назарбаев